## Қазақстан Республикасы Үкіметінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етудің әлеуметтік-экономикалық және қаржылық шараларын іске асыру жөніндегі іс-қимыл бағдарламасын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 20 шілде N 1015. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 1999-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1998 жылғы 7 желтоқсандағы N 4157 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етудің әлеуметтік-экономикалық және қаржылық шараларын іске асыру жөніндегі іс-қимыл бағдарламасы бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1999 жылғы
20 шілдедегі
N 1015 қаулысымен
бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етудің әлеуметтік-экономикалық және қаржылық шараларын іске асыру жөніндегі іс-қимыл бағдарламасы

| N | Іс-шаралар | Аяқтау нысаны |
|---|---|---|
| 1 | Жеке бизнестегі қолма-қол ақша айналысы саласын дәйекті түрде тарылту және төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді жүзеге асыру кезінде қолданылатын жабдықтардың құнын | Үкіметінің қаулысы |

| | | |
|---|---|---|
| | төмендету мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 14.04.97 ж. N 558 қаулысына тізбеге шеткері құрылғылармен төлем карточкаларын енгізу бөлігіне толықтыру енгізу | |
| 2 | Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдер туралы" 24.04.95 ж. N 2235 заң күші бар Жарлығына есептіліктің қазіргі заманғы нысандарын енгізу процесін қолдау мақсатында электрондық көздерде кірістер мен мүліктер туралы декларациялар мен мәлімет-тер берудің мүмкіндігін көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныс енгізу | Заң жобасы |
| 3 | Қолма-қол ақшаны пайдалана отырып, төлемдерді жүзеге асырудың тәртібі мен шарттарын реттеу, сондай-ақ мұндай төлемдердің сомалары бойынша шектеулер белгілеу мақса-тында Қазақстан Республикасы Пре-зидентінің "Қазақстан Республика-сының Ұлттық Банкі туралы" 30.03.95 ж. N 2155 заң күші бар Жарлығына және Қазақстан Республикасының "Төлемдер мен ақша аудару туралы" 29.06.98 ж. N 237-1 Заңына өзгеріс енгізу. | Заң жобасы |
| 4 | Меншік иелері мен акционерлердің құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету, ұйым қызметінің айқындылығын белгілеу | Үкіметке есеп |

таблицаның жалғасы

| Атқару мерзімі | Атқарылуына жауаптылар |
|---|---|
| 1999 жылдың III тоқсаны | Қаржы министрлігі, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі |
| 1999 жылдың IV тоқсаны | Қаржы министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігі |
| 1999 жылдың III тоқсаны | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) |
| Есепті жылдан кейінгі жылдың 10 сәуіріне дейін жылына бір рет | Қаржы министрлігі, салалық министрліктер |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК